

**"Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 08 маусымдағы №5546 қаулысының күшін жою туралы**

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017жылғы 24 сәуірдегі № 7657 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 мамырда № 5820 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 08 маусымдағы № 5546 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5538 тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінде 2016 жылғы 22 маусымда № 46-47, "Қызылорда таймс" газетінде 2016 жылғы 22 маусымда № 27, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 маусымда жарияланған ) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қаласының әкімі*

*Н. Нәлібаев*